

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**  
 III апта ( 12-16 қазан 2020 жыл)

Бекітетін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойын: «Жапырақтар» Мақсаты: Біркәлыпты, ерікті дем шығаруға үйрету. Қажетті құралдар: Жұқа қағаздан ойып жасалған сары және қызыл жапырақтар.	Сюжеттік-рөлді ойын. Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Қимыл- қозғалыс ойын. «Өртті сөндіру» Мақсаты: Икемділіктерін дамытып, кеңістікті бағдарлай білуге үйретіп, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қимыл- қозғалыс ойын «Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйретіп, түстерді ажыратуға, шапшаңдықтарын қалыптастыру.	Дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<b>1. Сауат ашу:</b> <b>1. Тақырыбы:</b> Мектепке не үшін барамыз? Мектеп бізге не үйретеді? А дыбысы мен әрпі <b>Мақсаты:</b> Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау, Суретті кітаптардан ақпаратты табу (сурет арқылы). А дыбысы мен әрпі мен балаларды таныстыру. Оқу қызметіне балалардың назарын тарту үшін педагог жағымды атмосфера құру үшін балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-бірлеріне жылы сөздер айтқызады. Педагог қоңырау соғады. Балаларға дыбысың сыңғырлап шыққанда қандай әсер алғанын	<b>1. Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Санап үйренемін. 1-ден 10-ға дейінгі сандар. <b>Мақсаты:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. Педагог балаларды санау жағдайына тартады. – Сырманың досы көп пе? Біз сендермен 5-ке дейін санап үйрендік. – 6-дан 10-ға дейін санап үйренгілерің келе ме? <b>Өзектендіру.</b> Жиынтық полотнода педагог 1-ден 5-ке дейінгі заттар тобын қойып, санауды ұсынады Ары қарай педагог 6-дан 10-ға дейінгі топтарды қояды. – Мына заттар тобын кім санай алады? <b>Жаңаны ашу.</b> Педагог балаларға №1 тапсырманың суретін қарауды ұсынады. - Қандай спорт жабдықтары бейнеленген? - Балалар залда немен айналасып жатыр? Одан кейін балаларға суреттегі зат түрлерінің әрқайсысын санап, олардың санына сәйкес келетін қажетті цифрды жапсыруды ұсынады. №2 тапсырма өздігінен орындалып, кейіннен тексеріледі.	<b>1. Сауат ашу.</b> <b>Тақырыбы:</b> Мектепке не үшін барамыз? Мектеп бізге не үйретеді? А дыбысы мен әрпі <b>Мақсаты:</b> «А» дыбысы бар сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту Оқу қызметіне балалардың назарын тарту үшін педагог жағымды атмосфера құру үшін балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-бірлеріне жылы сөздер айтқызады. Педагог қоңырау соғады. Балаларға қоңырау дыбысын сыңғырлап шыққанда қандай әсер алғанын сұрайды. Мектептегі қызықты сабақтар туралы әңгіме жүргізеді. – Оқу не үшін ұнайды? <b>Әліппе-дәптермен жұмыс.</b> <b>1-тапсырма</b> Суретте не болып жатыр деп ойлайсыңдар? Балалар өздеріне таныс заттарды атайды. Суреттегі балалардың іс-әрекетін талқылайды, суреттен А дыбысы бар заттарын атайды. <b>2-тапсырма</b> . А дыбысы жуан	<b>1. Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Әпкемнің қарындаштарын салуға арналған ыдыс <b>Мақсаты:</b> Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы Өз ойы бойынша түрлі материалдардан құрастырып шығу Жұмбақтарды шеш: Қабы сояу. Діңі бояу. (Қарындаш) Қысқа таяқ діңі бар, Шыырлаған ізінде Сайрап тұрар тілі бар. (Қарындаш) Жіп-жіңішке денесі, Ортасында шегесі. (Қалам) Бүгін біз шырынның қорабы мен түрлі түсті қағаздарды пайдаланып, қарындаш салатын ыдыс және геометриялық фигуралар мен фишкаларға арналған қорапша жасаймыз. Ол бізге қарындашпен жұмыс жасап болған соң оны салып қоюға қажет болады. Әліппе - дәптермен жұмыс. Ол үшін	<b>1. Өзін-өзі тану:</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің отбасым» <b>Мақсаты:</b> Сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту Шаттық шеңбері. Қуат алған өзіңнен, Ата-ананың ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отбасымның гүлімін. Әңгімелесу «Отбасы» аялдамасы Сұрақтар қойылады «Жаңа» өлеңін оқу. А. Асылбек Өлеңді оқиды Өлең бойынша сұрақтар қойылады Мазмұнын айтқызу. « Адамға ең қымбат-отбасы» Деген халық даналығын дәйексөз ретінде түсіндіреді Сергіту сәті Дәптермен жұмыс Тапсырмаларды түсіндіріп, орындауын

	<p>сұрайды. Мектептегі қызықты сабақтар туралы әңгіме жүргізеді. – Оқу не үшін ұнайды?</p> <p><b>1-тапсырма</b> Суретте не болып жатыр деп ойлайсындар? Балалар өздеріне таныс заттарды атайды. Суреттегі балалардың іс-әрекетін талқылайды, суреттен А дыбысы бар заттарын аттайды.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> А дыбысы жуан дауысты дыбыс екенін түсіндіреді. Балалар А дыбысының жуан айтылатын, сондықтан жуан дауысты дыбыс екенін түсінеді. Педагог әріп туралы түсінік береді. – Әріп – дыбыстың таңбасы. Әріпті жазамыз, көреміз. Дыбысты естиміз, айтамыз. (Құлақ, ауыздың суретін көрсетеді). А әрпімен таныстыру. Педагог балаларға А дыбысының айтылуын үйретеді. «А» дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауызқуысында еркін жатады.</p> <p><b>3-тапсыма.</b> А әрпі туралы жазылған тақпақты оқу. Жер өлшейтін саржан Белін буып алған. (М. Әлімбаев) Саржанның суретін А әрпіне ұқсата отырып, саржанды қайда қалай пайдаланатыны туралы педагог әңгімелеп береді. Бірнеше суреттерді көрсете отырып, осы суреттердің қайсысы А әрпіне ұқсас екендігін тапқызу.</p> <p><b>4-тапсырма.</b> А әрпін</p>	<p>Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды, (№17). Балалар карточкаларды біріктіріп, заттардың санын атайды. Содан кейін әліппе-дәптердегі 3-тапсырманы өздігінен орындайды. Тура және кері санайды Педагог: – Әрбір келесі фишкада нүктелер қаншаға көп, ал алдыңғысы қаншаға аз?–деп сұрайды (1 нүктеге). Педагог «алдыңғы сан, кейінгі сан» деген сөздерді дауыстап қайталауды ұсынады. 6-дан 9-ға (және 10-ға) дейінгі цифрларды есте сақтау үшін педагог шеңберлердің көмегімен оларды қағазға қоюды ұсынады. Балаларға 10 көлемінде заттарды, дыбыстарды, қозғалыстарды санау ұсынылады.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Педагогтің қалауы бойынша орындалады. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) Балалар әліппе-дәптердегі 4-тапсырманы өз беттерімен орындайды. Жазылған цифрларды саусақпен жүргізіп, олардың көру бейнесін тактильді түрде бекіту үшін сандарды ермексаздан жасау ұсынылады. 2-тапсырма ұсақ қол моторикасын дамыту үшін берілген. Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.</p> <p><b>2.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бағдаршам – көшедегі көмекшім.  <b>Мақсаты:</b> Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау. Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау.  <b>Шаттық шеңбері.</b>  – Қайырлы таң, балалар!  – Бүгінгі күн қандай керемет!  – Кәне, барлығымыз бір-бірімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлайық. Бүгінгі күнді жақсы өлең жолдарымен бастайық.  Күлімде, Күн, күлімде,</p>	<p>дауысты дыбыс екенін түсіндіреді. Балалар А дыбысының жуан айтылатын, сондықтан жуан дауысты дыбыс екенін түсінеді. Педагог әріп туралы түсінік береді. – Әріп – дыбыстың таңбасы. Әріпті жазамыз, көреміз. Дыбысты естиміз, айтамыз. (Құлақ, ауыздың суретін көрсетеді). А әрпімен таныстыру. Педагог балаларға А дыбысының айтылуын үйретеді. «А» дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысында еркін жатады.</p> <p><b>3-тапсыма.</b> А әрпі туралы жазылған тақпақты оқу. Жер өлшейтін саржан Белін буып алған. (М. Әлімбаев) Саржанның суретін А әрпіне ұқсата отырып, саржанды қайда қалай пайдаланатыны туралы педагог әңгімелеп береді Бірнеше суреттерді көрсете отырып, осы суреттердің қайсысы А әрпіне ұқсас екендігін тапқызу.</p> <p><b>4-тапсырма.</b> А әрпін бейнелеп көрсетуге тапсырма беріледі. Қағаз қыстырғыштардан А әрпін құрастыруға тапсырма беру.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b>  Педагог балаларды орындарынан тұрғызып өлең жолдарын қимылмен 2-3 рет айтықсады. Қолға сөмке аламыз, Біз мектепке барамыз. Педагогтің айтқанын Бірден ұғып аламыз. Ойын: «А дыбысына сөз құра».</p> <p><b>5-тапсырма:</b> А дыбысы жоқ сөздерді тапқызып белгілету. Суреттердегі заттарды атайды. Қалам, гүл, тақта, ағаш. А дыбысы жоқ затты табады. Педагог А әрпінің жазылуын балаларға ауада жазу арқылы көрсетеді. Балалар А әрпін жазады. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды</p>	<p>бізге дөңгелек немесе тіктөртбұрышты қорапшалар қажет және түрлі түсті қағаз, қайшы, желім және сіріңке қораптарын пайдаланамыз. Қағазбен және қалдық заттарды пайдаланып жұмыс жасағанда қандай ережелерді сақтау керек? Жұмыстың орындалу реті:  Шырын қораптарын таңдап, сіріңке қораптарын дайындап аламыз.  Түрлі түсті қағаздан жолақ тіктөртбұрыш қиып аламыз, өлшемі қораппен бірдей болуы шарт.  Оның түсті бетін төмен қаратып қоямыз да желім жағып, оны қорапқа желімдейміз.  Қатырғықағаздан қонжықтың суретін тәрбиеленушілерге қоян, қошақан т.б. үлгікалығын беруге болады) сызыпбалып, оны қиып, қораптың шетінен үстіне қарай шығарып жапсырамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b>  Орнымыздан тұрайық, Белімізді жазайық.  Жоғары-төмен қарайық, Солға-солға түзу тұр.  Оңға-оңға түзу тұр, Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым  Бойымызға күш жинап, Бір демалып алайық.  Балаларға өздері жасаған жұмыстарын бағалау ұсынылады.</p> <p><b>2. Апликация</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Камзол мен шапанды безендіреміз»  <b>Мақсаты:</b> Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді</p>	<p>сұрайды. Отбасы бізді жақсылыққа, әдептілікке үйрететінін білдік</p> <p><b>2. Музыка</b>  <b>1. Тақырыбы:</b>«Мен өнерлі баламын»  <b>Мақсаты:</b>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеу мен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.  <b>Тыңдау:</b> «Күзгі вальс». (муз.А.Досмағамбет)  <b>Ән айту.</b> «Мен өнерлі баламын» (М.Омаров, Г.Жотаева)  <b>Музыкалық ырғақты қозғалыс:</b>  Полька (Б.Сметан)</p> <p><b>3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b>Жеке бас тазалығы  <b>Оқу мақсаты:</b> Ауыз қуысының тазалығы ережелерін түсіндіру  Жағымды көңіл күй орнату.  «күлкі жаттығуы».Балалар қолдарына айна алып, әдемі де мейірімді күлкі жасайды (1-2 минут). Педагог балаларға бұл жаттығуды күніне бірнеше рет жасауға болатынын түсіндіреді. Егер көңіл күйің болмаса, күлкі оны жақсартуға көмектеседі. Сондықтан да жиі күлімдеп жүру керек.  <b>Жұмбақ:</b>  Өзі аппақ маржандай, Тамақ өтпес шайналмай. Аузы бүрме қызыл қалта, Ішінде бар отыз екі малта. (Тіс) Балалар тісіміз сау, мінсіз болса, күлкіміз де</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>бейнелеп көрсетуге тапсырма беріледі. Қағаз қыстырғыштардан А әрпін құрастыруға тапсырма беру.</p> <p><b>Сергіту сәті</b> Педагог балаларды орындарынан тұрғызып өлең жолдарын қимылмен 2-3 рет айтқызады. Қолға сөмке аламыз, Біз мектепке барамыз. Педагогтің айтқанын Бірден ұғып аламыз. <b>Ойын:</b> «А дыбысына сөз құра». 5-тапсырма: А дыбысы жоқ сөздерді тапқызып белгілеуге. Суреттердегі заттарды атайды. Қалам, гүл, тақта, ағаш. А дыбысы жоқ затты табады. Педагог А әрпінің жазылуын балаларға ауада жазу арқылы көрсетеді. Балалар А әрпін жазады.</p> <p><b>2. Музыка</b> <b>1. Тақырыбы:</b>«Мен өнерлі баламын» <b>Мақсаты:</b>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеу мен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. <b>Тыңдау:</b> «Күзгі вальс». (муз.А.Досмағамбет) <b>Ән айту.</b> «Мен өнерлі баламын» (М.Омаров, Г.Жотаева) <b>Музыкалық ырғақты қозғалыс:</b> Полька (Б.Сметан)</p> <p><b>3. Жаратылстану:</b> <b>Тақырыбы:</b> <b>Өсімдіктердің қандай түрлерін білесің?</b> Орман-тоғайды қорғайық</p>	<p>Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін Педагог балаларға көздерін жұмып, көз алдына қаламыздың үлкен көшелерін елестетуін сұрайды. Көліктердің шуылы, дабыл, бип-бап деген дыбыстар естіледі. – Кім нені елестетті? Педагог балаларды тындап, қорытынды жасайды. Қала көшелерінде мәшине көп, қарбаласып жатқан тірлік. – Қалай ойлайсындар, бізге апатты жағдайға ұшырамай, жолдан дұрыс өтуімізге кім көмектеседі? – Біз жол жүру ережелерін сақтап, жолда мұқият болуға, көшені кесіп өтерде бағдаршам белгісіне қарауға тиіспіз. – Егер жол жүру ережелерін сақтамасак, не болуы мүмкін?<b>1 -тапсырма.</b> Суретті қарап, әңгімені тындауды ұсынады. Әсем інісі Асанды қолынан жетелеп алып келе жатты. Асан ерке әрі айтқанды тыңдамайтын тентек бала болатын. Көшенің қиылысына жақындай бергенде әпкесінің қолын сілкіп тастап, көшеге қарай жүгірді. Ал бағдаршамда қызыл жанып тұр еді. Жүгіріп шыққан балақайды көріп, көшедегі көліктер әбігерге түсті ... (<i>Мереке Құлқенов</i>) – Асан дұрыс істеді ме? – Одан әрі не болды деп ойлайсың? Әңгімені жалғастыр. Педагог 5-6 баланың әңгімесін тындайды. Жол жүру ережелерін құруды ұсынады. Ережелерді берге талқылау . <b>Сергіту жаттығуы:</b> «Бағдаршам» ойыны. Педагог балаларға бағдаршамның үш түсін көрсету арқылы қимыл-қозғалыстар жасатады. Педагог қызыл түсті көрсеткенде,</p>	<p>марапаттайды. Қай тапсырманы орындау қызықты болды?</p> <p><b>2.Дене шынықтыру.</b> Жұппен дене бітімін жетілдіру <b>Әдемі жүріп үйренеміз (негізгі қимылдар)</b> Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Балалар музыка әуенімен жүру түрлері: жай жүру, аяқты аяқастыра адымдап жүру, 3 метр алға қарай артпен жүруді орындайды. Нұсқау – музыка басталғанда және аяқталғанда бір уақытта іс-қимылды бастау және аяқтау. Балалар музыка үнімен әдемі қадамдарды ойдан құрастырып, қолды сермей қимылдар жасайды. Гимнастикалық орындықта жалпы даму жаттығуларын орындау. 5 адамнан тізіліп тұру. Жаттығулар кешенін орындау барысында денені дұрыс ұстауға және қауіпсіздік техниканы сақтауға назар аударылады. Қандай жүріс түрін әдемі деп айтар едің? Әдемі жүруді қалай үйренуге болады? Әдемі жүру не үшін қажет? Шеңбер бойымен, орындықтардың арасымен, кедергілерді (орындықтарды) аттап жүгіру <b>тепе-теңдік:</b> белгі бойынша гимнастикалық орындықта бір көзді жұмып бір аяқпен тұру. Нұсқау – алға еңкеймей, статистикалық тепе-теңдік сақтау 30 см биіктіктен белгіленген жердегі тереңдікке (шұңқырлау жерге) секіру (таспадан геометриялық фигуралар жасалады). Балаларға орындық төңірегіне секіруге</p>	<p>симметриялы, ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру. Балалар <b>шаттық шеңберін</b> құрып тұрады. Қолыңды бер, шеңберге кел. Күлім қағып, ойна да күл. Қол ұстасып, ширақ басып, Біз жүреміз достасып. Педагог тәрбиеленушілерге қазақ оюларының белгілі элементтерін атауды ұсынады: тұмарша, бестаңба, балта, ирексеу, жіліншік, гүл, омыртқа, қайнар, ботагөз, қошқармүйіз. Балалар олардың неге ұқсайтынын айқындайды. Педагог балалардың назарын қамзол мен шапанның суретіне аударып, мақсат қоюға әкеледі. ҰОҚ-не дайындықты тексеру. Тәрбиеленушілер клеенканы төсейді, үстелдің оң бұрышына қайшы, желім жаққыш, қарындаштар мен фломастерлер салынған стақанды қояды. Стақанның қасына желім, қағаз қиындыларын салуға арналған ыдысты қояды. Қиып алынған суреттерге желім жағуға арналған қағаз парақтарын дестелеп қояды. Артық желімді сүртуге арналған шүберекті орналастырады. Оң жақта түрлі түсті қағаздар. Педагог тәрбиеленушілерге әліппе-альбомдағы суретке қарап, қазақ ұлттық киімінің таныс</p>	<p>әдемі болатыны жайлы талқылайды. Бірақ егер күтпесек, тісіміз ауырып қалуы мүмкін. – Адамға тіс не үшін қажет? Балалар тістің пайдасын айтады. Педагог балаларға айнадан тістерін қарап, ірімшік немесе алманың бөлігін тістеп, тіс іздерін көруді ұсынады. Балалар тістерінің көлемі бірдей емес екеніне көңіл аударады. педагог ақпараты:Тістің ең басты қызметі – тамақты шайнау. Ауыз қуысында тағам сілекеймен суланады және тістермен ұсақталады. Тағамды мұқият және асықпай шайнау адам денсаулығы үшін маңызды. Балалар дүниеге келген кезде тісі болмайды, әдетте сәбилерде төрт-алты айлық кезінен бастап алғашқы тістері шыға бастайды, оны сүт тіс деп атайды. Алты жасында сүт тістер түсе бастайды, оның орнына тұрақты тістер өседі. – Тістің саулығы неге байланысты? Балалар өз ойларын білдіреді. педагог ақпараты:Тістің саулығы адамдардың тісті қалай күтуі мен қандай тамақты ішуіне байланысты. Әрбір тіс эмальмен қапталған, ол біздің денеміздегі ең қатты зат. Біз тамақты шайнағанда ауызда эмальды жоятын қышқыл</p>
--	--	--	---	--	--

	<p><b>Мақсаты:</b> Өсімдіктерді ағаштар, бұталар, шөптер тобына ажырату. Қазақстанның қорықтарын атау.</p> <p><b>Шаттық шеңбері.</b>      Қуанамын мен де,      Қуанасың сен де,      Қуанайық достарым,      Арайлап атқан күнге!      Армысың, Жер-ана,      Армысың, алтын күн,      Армысыңдар, балалар!      Көңіл күйлерің қалай?      Қазір жылдың қай мезгілі?      – Ауа райы бүгін қандай болып тұр?      – Сендер ағаш түрлерін атап бере аласыңдар ма?      Педагог балаларға тақырыптың не жайында екенін түсіндіреді»<b>Кім жылдам?» ойыны.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ағаштар, гүлдер, шөп – бұлар</li> <li>• Қайың, қарағай, шаған, үйеңкі – бұлар</li> <li>• Сексеуіл, итмұрын, сирень, танқұрай – бұлар</li> <li>• Боз, жусан, бақбақ, бәйшешек – бұлар.</li> </ul> <p>Өсімдіктерді қалай ажыратасың?      Өсімдіктің қандай бөліктерін көріп тұрмыз?      Олар қандай жұмыс атқарады?      Өсімдіктің қандай бөліктерін біз көрмейміз?      Өсімдік түрлеріне: ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер жатады. Ағаштарға: емен, қайың, қарағаш, тал, жөке, жеміс ағаштары жатады. Шөптесін өсімдіктерге: бақбақ, раушангүл, құлпынай, қоңыраугүл, қалампыр, қызғалдақ</p>	<p>балалар тоқтайды. Сары түсті көрсеткенде, қол шапалақтап, билейді. Жасыл жанғанда, әрі-бері жүреді.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Әр суреттегі бағдаршамның қажетті түсін боя.</p> <p><b>Ойын жаттығу:</b> «Сөйлемді жалғастыр».</p> <p>Егер бағдаршам болмаса, онда ... т.б.      Педагог өлең оқып береді.      Сақта көше тәртібін,      Бағдаршамның ал тілін.      Біліп алдым мен де:      Жасыл жанса, демде      Алға кетем ілезде.      Сары жанса, сабыр      Сақтай тұрам әзір.      Жанса қызыл шоқтай,      Қаламын кілт тоқтай. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды</p> <p><b>3.Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b>«Менің сүйікті үйім» (ұжымдық жұмыс)  <b>Мақсаты:</b> Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістіктік арақатысын бейнелеу      Ғажайып сәт.      Топқа аю келеді. Амандасады.      -Балалар аю ренжіп отыр, оның үйі жоқ екен. Біз оған үй салып берсек қайтеді. Балалар жартылай шеңбер құрып, өлең жолдарын айтады.      -Сәлеметсің бе ,аю? Балалар келіседі.      Балалар қарындаштарды ауызға салуға болмайды.      Бір-бірімізге сілтеуге болмайды.      «Үй» тақырыбына сурет салу технологиясы.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Қағаздың сол жағына жоғарыдан төмен қарай сыза отырып төртбұрыш, қағаздың оң жағына төменнен жоғары қарай сызып, текше саламыз.</li> <li>2.Үшбұрыш пішінімен үйдің</li> </ol>	<p>арнап таспадан геометриялық фигуралар жасап қою ұсынылады. Жаттығуды орындау кезінде тәуекелдікті азайту үшін пішіндердің орналасуын бақылайды. Фигураның дәл ортасына секіруге, табанды белсенді жазу, жерге аяқпен түскенде тепе-теңдік сақтауға назар аударылады.</p> <p><b>«Ғарышкерлер» кимыл-қозғалыс ойыны</b>      Балалар қол ұстасып шеңбер бойымен тақпақ айтып жүреді:      «Зымыранмен зымырап,      Ғарыштарға ұшамыз.      1-2-3 – кешіккенге орын жоқ!» дегенде балалар жерде сызылған зымырандарға отыруға тырысады. Әр зымыранда 5 дөңгелектен сызылады. Бұл – «саяхатшылардың» орны. Кешіккендер шеңбер құрып тұрады.      Оларға басқа тапсырмалар, яғни жаттығулар орындатуға болады  <b>«Мүсін сомдаймыз» жұппен массаж ойыны</b>      Балаларға жұп таңдау ұсынылады. Бір бала – мүсінші, екінші бала жұмсақ, иілгіш сазбалшық рөлінде болады. Мүсінші «сазбалшықты» мұқият иіп, мүсін жасайды, оның атын атайды.      Содан кейін балалар рөл алмасады.</p> <p><b>3. Көркем әдебиет:</b>  <b>Тақырыбы:</b> Айтшы әжетай! (өлең)  <b>Мақсаты:</b> Шағын өлеңдерді, фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту.      Педагог балаларды шеңберге тұрғызады.      Бір шаңырақ астында,      Татутәтті тұрамыз.</p>	<p>элементтерін атауды ұсынады (тақия, көкірекше, қамзол). Олардың немен безендірілгенін анықта. «Ою» ұғымын айтып бер. Ою – белгілі бір тәртіпте орналасқан өрнек. Қамзолды ирексу оюларымен, ал бешпентті гүл оюымен сәндеуді ұсынады. «тату-тәтті саусақтар» жаттығуы. Бұл саусақтар шымшылайды (бас бармақпен және сұқ саусақпен екінші қолымыздың алақанын шымшылаймыз). Мына саусақтар серуендейді (сұқ саусақ пен ортаңғы саусақты екінші қолдың үстімен «жүргіземіз»). Мыналар әңгіме-дүкен құрғанды ұнатады (ортаңғы саусақ пен аты жоқ саусақты кимылдатып, бірбіріне үйкейміз). Мыналар ұйқыны жақсы көреді (аты жоқ саусақ пен шынашақты алақанға қысамыз). Бас бармақ пен шынашақ жуынғанды жақсы көреді (бас бармақты және шынашақты айналдыра қозғаймыз). Жұмыстың орындалу технологиясы Педагог балаларды жұмыс алгоритмімен таныстырады. қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі Педагог сабақ барысында қайшымен жұмыс істеу ережесін еске салады. Тәрбиеленушілердің назарын қағазды үнемдеп пайдалану керектігіне аударады. Ірі қиындыларды лактырмау қажет, оларды ұсақ бөлшектерді жасау үшін пайдалануға болатынын</p>	<p>бөлінеді.      Сондықтан тісті тазалап, тамақтан соң ауызды шайқау қажет.      – Тіс пен тіс щеткасын қалай күту қажет? – Егер ауру тісті байқасаң, кімге жүгіну қажет? Балалар, қараңдаршы, тістеріңнің барлығы сау ма, ауру тіс жоқ па? Балалар тіс дәрігеріндегі қабылдау бейнеленген суретті қарап, өз әсерлерімен бөліседі, тісжегінің дамуы ретін цифрмен белгілейді. – Қолды қалай дұрыс жуу керек? Тазалыққа арналған қандай құралдарды ағай аласыңдар? Неліктен қолды жай таза сумен емес, сабындап жуу керек? Балалар педагогпен бірге талқылап, қол жуу барысындағы іс-әрекеттері негізінде ереже құрады. – Неліктен мектепте, түрлі қоғамдық орындарда тазалық ережелерін сақтау қажет? – Микроб дегеніміз не? Балалар өз ойларымен бөліседі, талқылайды Қолды күніне бірнеше рет жуу қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тамақтанар алдында;</li> <li>• Дәретханадан кейін;</li> <li>• Үйге сырттан келгенде;</li> <li>• Қоғамдық көліктен түскеннен кейін;</li> <li>• Даладағы серуеннен кейін.</li> </ul> <p>Су болмаған жағдайда (жолда немесе кездейсоқ жағдайларда) қолымызды сұрту үшін сулы шүберек қолдануға болады.      Шашты қалай күту қажет?</p>
--	--	--	---	--	---

<p>жатады. Бұталарға: шығанақ, жыңғыл, бөртегүл жатады.</p> <p><i>Анықтама:</i> өсімдіктің тіршілігінде көктемде қандай өзгерістер болады? Гүлдерден қандай пайда бар?</p> <p>Гүлдердің бәрі неге хош иісті?</p> <p>Гүлі мен тұқымдық дәндері бар ұрық – бұл өсімдік бөліктері. Сергіту сәті:</p> <p>Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық!</p> <p><b>Педагог сөзі.</b></p> <p>Балаларға өсімдік топтары туралы мәтінді түсінуге көмектесіңіз. Балаларды не қызықтырғаны, сұрақтарға жауап табу үшін не істеу керектігі жайында әңгімелесіңіз <b>«Алақан соғу-үндемеу» ойыны.</b></p> <p>Педагог ағашты атайды, егер ол біздің өлкеде өссе – балалар алақандарын соғады, егер біздің орманда, далада кездеспесе үндемейді. Алмаағашы, алмұрт, таңқурай, мимоза. Шырша, сексеуіл, шығанақ (бүрген), қайың. Шие, қызыл шие, лимон, апельсин, Жөке, үйеңкі, баобаб, мандарин <b>Әліппе-дәптермен жұмыс.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ағаштардың аттарын айтады.</li> <li>2. Бұталарды айтады.</li> <li>3. Шөптесін өсімдіктердің аттарын атайды</li> </ol> <p><b>4.В К Ұлттық ойындар Тақырыбы: «Ақсерек-</b></p>	<p>төбелерін және терезелерін саламыз.</p> <p>3.Үйдің есігін кішкентай төртбұрышты пішін арқылы саламыз және суретті бояймыз.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Орнымыздан тұрайық, Қарлығаш боп ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп алайық.</p> <p>Мақал айтып үйренейік. «Туған елдің түтіні жылы» (Мағынасын түсіндіру).</p> <p>-Балалар мен сендерге F. Өкеевтің «Біздің үй» деген өлеңін оқып берейін. Сендер мұқият тыңдап алыңдар. Сосын барлығымыз қайталап жаттап алайық.</p> <p>Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды. Қосып құмға лайды, Сылақшылар сылайды. Терезе, есік, едені, Қиюласты әдемі.</p> <p>Құрылысшы боламыз, Зәулім үйлер саламыз.</p> <p>Балалар қауіпсіздік ережесімен танысады.</p> <p>Қағаздың сол жағына жоғарыдан төмен қарай сыза отырып төртбұрыш, қағаздың оң жағына төменнен жоғары қарай сызып, текше салады.</p> <p>Үшбұрыш пішінімен үйдің төбелерін және терезелерін салады.</p> <p>Үйдің есігін кішкентай төртбұрышты пішін арқылы саламыз және суретті бояйды. Балалар қимылдар жасап бойларын сергітеді.</p> <p>Балалар сөздерді айтып қайталайды.</p> <p>Балалар мақалды айтып мағынасын түсінеді. Балалар өлеңді мұқият тыңдап, тәрбиешімен бірге қайталап жаттауға тырысады.</p> <p>-Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?</p> <p>- Біз ненің суретін салдық?</p> <p>-Балалар аю сендердің салған суреттеріңе риза болды.</p> <p>-Аюмен қоштасайық.</p> <p>-Бүгін аю қонаққа келді.</p> <p>-Үйдің суретін салдық.</p>	<p>Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз. Әр адамның өз отбасы болады. Олар кез келген істі бірігіп атқарады. Отбасында біз апамызға, атамызға көмектесеміз.</p> <p>Балалар әңгімелесу арқылы не жайында болатыны туралы болжамдайды. Педагог Жақан Смақовтың «Айтшы, әжетай!» өлеңін ұсынады.</p> <p><b>Қаракөл қой</b> – қойдың бір түрі.</p> <p><b>Табын</b> – көп жылқы.</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <p>– Балалар, өлең сендерге ұнады ма?</p> <p>– Өлеңде кімдер туралы айтылған?</p> <p>– Өлеңдегі қай кейіпкер саған ұнады?</p> <p>– Бала әжесінен нені сұрады?</p> <p>– Әжесі қалай жауап берді?</p> <p>– Атасы кім болып жұмыс істейді?</p> <p>– «Жылқышы» деп кімді айтамыз?</p> <p>– Анасы кім болып жұмыс істейді?</p> <p>– Сендердің аналарың қандай жұмыс істейді?</p> <p><b>Сурет бойынша Әліппе-дәптермен жұмыс:</b></p> <p>– Әжесі мен немересі не туралы әңгімелесіп отыр деп ойлайсың?</p> <p>– Жылқышы нені бағады?</p> <p>– Бақташы нені бағады?</p> <p>– Комбайншы не істейді?</p> <p>– Тәрбиеші балаларға не үйретіп жатыр?</p> <p>– Сенің атаанаң кім болып істейді?</p> <p><b>Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым»</b></p> <p>(балалар саусақтарын бүге</p>	<p>ескертеді. Шағын көрме ұйымдастырылады. Балалар талқылап, ең үздік жасалған қамзолдар мен көкірекшелерді таңдайды. «Бес саусақ әдісі».</p> <p>Балалар шеңберге тұрып, сол қолымен оң қолындағы таңдалған саусақты көрсетеді. Одан кейін, таңдалған саусаққа байланысты сұраққа жауап береді.</p> <p><b>3.Дене шынықтыру Тақырыбы</b> Организмді шынықтырамыз. (Ауада) <b>(негізгі қимылдар)</b></p> <p>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру «Денсаулықты нығайтамыз» ойын жаттығуы</p> <p>«Қолды күнге қарай созыңдар. Күн сәулелері ананың жұмсақ алақанындай бізді құшағына алып, аймалап, сипалап, жылу береді. Сикырлы күн реніш пен ауру-сырқауды ерітіп, жүректерді махаббатқа, сүйіспеншілік пен денсаулыққа толтырды».</p> <p>Балаларға жүру мен жүгірудің адам денсаулығына пайда тигізетіні туралы әңгімелейді. Бір-бірінің артына тізбекке тұру. Баяу жүгіру мен кезектестіре жүру. Таспалармен жалпы даму жаттығулары.</p> <p>Келбетті бітім денсаулық кепілі екеніне балалардың назарын аударады.</p> <p>30 см биіктіктен белгіленген жер – таспадан әрі шұңқырлау жерге секіру.</p> <p>Балаларға жаттығу жасағанда жарақатты болдырмау үшін</p>	<p>Балалар педагогпен бірге шаш күтіміне арналған ережелерді құрады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Шашты уақытында жуып жүр.</li> <li>• Күніне бірнеше рет шашты жеке таракпен тарайды.</li> <li>• Біреудің тарағын пайдалануға болмайды</li> </ul> <p><b>3.В.к Ойламыз, ойнаймыз</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Сикырлы қоржын «ойын» 1 Таңбалар үлгісі, сандар Геометриялық фигураларды тани білудіңділарын қалыптастыру.</p> <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Табиғат — біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Табиғатты қорғайтын, Біз әдепті баламыз.</p> <p>1.—Балалар, бүгін ауа райы қандай болып тұрса да, бір – бірімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлайық.</p> <p>Балалар шеңбер болып отырады. Терезеге қарап, ауа райының өзгерісін айтады.</p> <p>Әңгіме жүргізу.</p> <p>Балалар, бүгін ауа райы жылы, күн шығып тұр. Ауа райы әртүрлі болады. Бірде күн ашық болады, бірде жаңбыр немесе қар жауады.</p> <p>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз</p> <p>–Қолымыздан ұстап дөңгелене тұрайық. Біз қазір неге ұқсадық? Балалар, қалай ойлайсындар, күн бізге не үшін қажет? Күн әлемге</p>
--	---	--	--	---

	<p><b>көксерек»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалармен ойын сөздерін жаттау.  <b>Ойының шартымен таныстыра отырып балаларды шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу.</b>  <b>Сергіту сәті:</b>  Жемісі мол теретін,  Күз дос екен бізбенен.  Бәрін тауып беретін  Жомарт екен күз деген.  (Ғ. Қайырбеков.)  Ақ түсті ермексаздан  бірнеше ұсақ түйіршіктер  жасап, қалпақтың үстіне  жапсырамыз.  Саңырауқұлақтың  қалпағын түбіртегіне  орналастырамыз.  Кезекші бала тазалық  шараларын айтып өтеді.  Балалар жұмыс жасайды.  Балалар өлең сөздеріне  байланысты қимылдар  көрсетеді.  2-3 рет қайталайды.  Балалар тәрбиешінің  көрстеуімен  саңырауқұлақты мүсіндей  бастайды.  - Балалар, бәрін де  саңырауқұлақты әдемі  мүсіндендер! (Балалар  назарын шөптесін алқапқа  аударарды.) Осы әдемі  саңырауқұлақтарыңды  мына алқапқа  орналастырыңдар. Бұл  «Саңырауқұлақ алқабы»  болады.  - Бүгінгі сабақ ұнады ма?  Балалар өздері жасаған  саңырауқұлақтарын  алұапқа, кірпінің үстіне  орналастырады.  Сипаттап әіғмелейді.</p>	<p>-Сау бол аю.</p> <p><b>4. Орыс тілі:</b>  <b>1.Тема: Мой дом</b>  <b>Цель:</b> Произносить и различать звуки в словах и фразах.  Понимать значение часто повторяющихся слов по лексическим темам.  Использовать в речи новые слова по лексическим темам.  <b>Воспитатель:</b> Здравствуйте ребята, доброе утро, сегодня у нас занятие русского языка и начнем со стихотворения « С добрым утром». Молодцы ребята, сегодня к нам в гости пришла кукла Маша. И она хочет с вами познакомиться.  <b>Кукла Маша:</b> Здравствуйте ребята, меня зовут Маша. А тебя как зовут?  <b>Дети:</b> Меня зовут Амир....  <b>Кукла Маша:</b> Ребята, я вам принесла сюрприз , чтобы узнать что внутри отгадайте мою загадку.  Без чего на белом свете  Взрослым не прожить и детям?  Кто поддержит вас, друзья?  Ваша дружная... (<i>семья</i>).  <b>Кукла Маша:</b> Правильно. Вы угадали это семья.  <b>Воспитатель:</b> Ребята, а как вы думаете, что такое семья?  <b>Дети:</b> Семья - это мама, папа, бабушка, дедушка, брат, сестра.  <b>Воспитатель:</b> Да, действительно, самые близкие, самые любимые и любящие, самые родные люди - мама, папа, бабушка, дедушка, братья, сестры – ваша семья. Как хорошо, что у вас у всех есть семья!  Беседа по картине.  Уточнение воспитателя, проведенное после беседы с детьми по картине. На картине мы видим женщину и мужчину – это мама и папа; бабушку - это мамаина мама, дедушку - это мамин папа, а вот эти бабушка и дедушка родители папы - его мама и папа, а еще мы видим на этой картине</p>	<p>отырып орындайды)  Бір үйде біз нешеуіміз?  Кел, санайық екеуіміз.  Бас бармағым – әкем,  Балаң үйрек – апам.  Ортан терек – ағам,  Шылдыр шүмек – мен,  Титтей бөбек – сен.  Бір үйде біз нешеуіміз?  Бір үйде біз бесеуіміз!  Педагог өленді мәнерлеп қайталап оқиды. Өленді қайталай отырып жаттатады.  <b>Әліппе-дәптермен жұмыс.</b>  1. Әжеге не сыйлауға болады?  Қоршап көрсет.  2. Жылқышыға қажетті заттарды үзік сызықпен қосу.  <b>Д/ойын «Кім жоқ?»</b> Педагог тақтаға бақташы, жылқышы, тәрбиеші, комбайншы, апаның және баланың суретін іліп қояды. Балалар көздерін жұмады. Педагог тақтадағы суреттің біреуін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін табады. Оның не істейтінін, немен айналысатынын баяндайды.  Педагог қорытынды жасайды.  – ҰОҚде не ұнады?  – Өлең қалай аталады?  – Атасы кім болып жұмыс істейді?  – Жылқышы деп кімдерді айтамыз?  өз жұмысын бағалап қорыту.  Тәрбиеленушілер ҰОҚдегі өзінің жұмысына баға береді.  Ештеңе түсінбедім – қызыл түспен,  Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары түспен, Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл түспен.</p>	<p>орындықтың ортасында, бір-бірінен алшақта тұру керектігін ескертеді. Белгіленген жерге дәл секіруге, жерге түскенде тепе-теңдік сақтап, аяқты дұрыс қоюға назар аударады.Көлденең қойылған сатыда алақан мен табанға сүйеніп төрт-тағандап еңбектеу.Нұсқау – аяқ пен қолдың қозғалысын үйлестіру, қозғалыс кезінде бір-біріне кедергі келтірмеу, арақашықтықты тура сақтау – қозғалыс басталатын сызықтан белгіленген нүктеге дейін. Баспалдақ таяқшаларын ұстағанда төрт саусақ үстінде, бас бармақ астында болады. Қажет болған жағдайда сақтандыру қамтамасыз етіледі Дене қисаюының профилактикасы тепе-теңдік: басына қапшық қойып, қолды екі жаққа жайып адымдап жүру. Дене мен басты дұрыс ұстауға көңіл бөлу(егер басты еңкейтсе, қапшық құлап түседі). Нұсқау – тепе-теңдік сақтау, аяқты қойғанда таяқша ортада болу керек. «қарлығаш» қимыл ойыны Бала санына қарай құрсаулар қойылады. Бұл қарлығаштардың үйі болады, ортасында қақпан бар. Ойынға қатысушылар қарлығаш болып залда әрі-бері жүгіреді, қанат қаққандай қолдарын самғап әдемі қимылдар жасайды. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш, біздің үйге ұшып кел!», –деп белгі берілген кезде тез үйді табады, үйді таппағандар қақпанға түседі «Пайдалы-зиянды» тәртіптік</p>	<p>жарық беріп, шуағын шашады.  Балалар, біз немен тыныс аламыз?  –Біз ауамен тыныс аламыз.  Ауасыз бізге тіршілік жоқ.  Таза ауа тыныстау үшін керек.  Осының бәрі табиғат құбылыстарына жатады.  2.Слайд тақтадан суреттерді көрсетіп, балалар өздері білгендерін айтып, бұлардың барлығы табиғат құбылыстары екендігін түсіндіру. Ауа таза болу үшін біздер табиғатымызды қорғауымыз керек, қоқыстарды кез-келген жерге тастауға болмайды.  <b>3.Сергіту сәті.</b> Жаңбыр жауды — тырс<sup>2</sup>, Боран соқты — гу<sup>2</sup>, Жел тұрды — ыли<sup>2</sup>, Найзағай ойнайды — тарс-түрс.  4.Есік сықырлап ашылып Ақөгершін ұшып келеді. Ақ көгершін сәлеметсіңдер ме балалар? Сендерге Жер ана хат беріп жіберді. Ауа-райы жауын шашын болмалмай тұрғанда, басқада хаттарымды жеткізуім керек. Сау болыңыздар! Балалар жер ананың хатын ашып көрейік , онда не жазылған екен? Бізге Жер ана жұмбақтар жіберіпті, дұрыс жауабын тапсақ біздерге сыйлығы бар екен.  Жұмбақ жасыру.  Ақ сандығым ашылды,  Ішінен жібек шашылды.  Күнді жабады, Жаңбыр болып жауады. ( бұлт )</p>
--	---	---	--	---	--

мальчика - это сын для мамы и папы, и внук для бабушки и дедушки; девочку-это дочь для мамы и папы и внучка для бабушки и дедушки; мальчик и девочка-родные брат и сестра. Все эти люди родственники - это семья.

**Воспитатель:** Ребята, давайте повторим скороговорку; Ша-ша-ша, мама моет малыша. Шо-шо-шо мыться в бане хорошо Молодцы, ребята. **(Картинки под стулом)**

Посмотрите ребята, у вас под стулом картинки. Вы должны сказать кто это. Рузель, у тебя кто.....Молодцы.

**Фотовыставка «Моя семья»**

**Воспитатель:** Дети, а расскажите мне о своей семье? Как зовут ваших родителей?

Дети рассматривают семейные фотографии и каждый рассказывает о своей семье.

**Воспитатель:** Молодцы ребята. Какая дружная и крепкая у вас семья. А теперь ребята давайте поиграем.

**Пальчиковая игра «Гномики».**

Жили были в домики,  
Маленькие гномики,  
Токи,Мики, Пики,Чики  
Раз,два,три,четыре,пять,  
Стали гномики играть.

**Воспитатель:** Молодцы ребята. Ребята, как вы думаете где живет Эта дружная семья? Давайте посмотрим сюрприз Маши, может она нам даст подсказку.

**Дети:** дом

**Воспитатель:** Молодцы, ребята. А Сейчас пойдёмте к столу , будем работать в рабочих тетрадях.

**(Картинка дома)**

**Физкультминутка «Топай Мишка».**

Топай, мишка, (топаем ногами)  
Хлопай, мишка (хлопаем в ладоши)  
Приседай со мной, братишка,  
(приседаем)  
Руки вверх, вперёд и вниз, (движения руками)

#### **4. Мүсіндеу (Заттық мүсіндеу.)**

**Тақырыбы:** Қызу еңбек қайнаған, менің жеміс бағымда (Т. Молдағалиевтің «Алма бағында» әдеби шығармасының желісімен)

**Мақсаты:**Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау (мысалы, ертегі, әңгіме, балаларға арналған халық әндері, санамақ, мазақтамалар, аңыздар желісімен) Мүсінші Ермек Т.Молдағалиевтің «Алма бағы» шығармасын еске түсіру туралы ұсыныс жасайды.

**Талқылау.**

Педагог балаларға тақырыпқа қатысты сұрақтар қояды.

– Жеміс бағы деп қандай бақты атаймыз?

– Ағаштарда қандай жемістер өседі?

– Алманың құрамында қандай дәрумендер бар?

– Дәрумендердің адамға не қажеті бар? **«Қызықты дерек».**

Дәрумендер тірі ағзалардың бәріне: адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де ауадай қажет. Адам ағзасы өмір бойы дәрумендерге зәру. Дәрумендер – біздің деніміздің саулығы және ұзақ өмір кепілі **Ойын-жаттығу:**

**«Бәрін білгісі келеді».** Балалар ермексазбен жұмыс істеу ережесін еске түсіреді **«Мүсіндеу алгоритмін талқылау».**

**Педагог:** балаларға тапсырманы берілген сызба бойынша ғана емес, шығармашылық қабілеті мен қиялын пайдалана отырып өз бетінше жасауға

ұстаным қалыптастыру. Балаларға пайдалы және зиянды әдеттер туралы сөйлемдерді аяқтау ұсынылады.

#### **5.В.к. Логика әлемі**

**Тақырыбы:** Сол жақтан – оң жақтан.

**Мақсаты:** Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.

**Сергіту сәті: "Бес саусақ** Қуыршақ: балалар сендермен бірге болған маған ұнады Бірақ мен үйге қайтайын Балалар бізге қонаққа кім келді?

Қуыршақпен не үйрендіңдер? Балалар сендерге көп рахмет

Тырс-тырс тамады Жерге су болып ағады ( жаңбыр) Ал мына жұмбақтардың жауаптарын тақтаға ілейік. Жарайсыңдар!

5.Ойын: «Күн мен түн».

Шарты:балаларға «күн» дегенде, олар қолдарын ашып, дөңгелек жасайды, ал «түн» дегенде, олар ұйықтаған болады.

6.Ұжымдық жұмыс.

Жаңбыр тамшыларын бояу.

. Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді.

Мысалы: Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары.

–Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз жақсы тілекпен аяқтайық. Әрқашан күн сөнбесін! Ауамыз да таза болсын! Суымыз тұнық болсын!

		Улыбайсы и садись. Воспитатель: Ребята, вам понравилось наше занятие, что мы узнали на сегодняшнем занятии?	мүмкіндік береді <b>Саусақтарға арналған жаттығу:</b> <b>«Ағаштан алма жұламыз...».</b> <b>Ойын-жаттығу:</b> «Ермексазбен достас». Ермексазды жұмыс істеуге дайындау. <b>Өзіндік жұмыс.</b> Балаларға жеке көмек көрсетіп отыру. <b>Ермек</b> балаларға жұмыс барысында барынша мұқият, зейінді болу қажеттігін, жұмыс орнында тазалық пен тәртіп сақтау керектігін ескертеді.		
<b>Алақай ойын!</b> <b>Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</b>	<b>Д/О «Жоғары –төменде, биік – аласа »</b> <b>Мақсаты:</b> Жоғары – төмен, биік – аласа ұғымдарын пысықтау.	<b>Д/О «Көкіністер мен жемістер»</b> <b>Мақсаты:</b> Жемістермен, көкіністерді айыра білуге, атай білуге үйрету.Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, жылдамдыққа үйрету. Ойын шарты: Екі жерге екі себет қойылады.Үстел үстіне көкіністер мен жемістерді шашып тастаймыз.Балалар көкіністер мен жемістерді ажыратып екі себетке бөліп салады	<b>Сюжеттік рөлді ойындар</b> №1 «Киім дүкені» <b>Мақсаты:</b> Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.	<b>Д/о « Кім шапшаң»</b> <b>Мақсаты:</b> есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.	<b>С/р/о №8 «Аспазшы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға жасаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Асты қадірлеуге үйрету.
<b>« Табиғатпен біргеміз»</b> <b>Серуенге дайындық</b> <b>Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру.</b> <b>Ойындар еңбек</b>	<b>Серуен №6</b> Ұшып кететін құстарды бақылау <b>Мақсаты:</b> ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.	<b>Серуен №7</b> Желді бақылау <b>Мақсаты:</b> желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру; өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.	<b>Серуен №8</b> Үйеңкі ағашын бақылау <b>Мақсаты:</b> үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту (қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.)	<b>Серуен №9</b> Жүк көліктерін бақылау <b>Мақсаты:</b> жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.	<b>Серуен №10</b> Терек ағашын бақылау <b>Мақсаты:</b> Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Сурет салудың қарапайым техникасын жетілдіруді жалғастыру	Жазу жаттығулары	Ермексазбен таза ұқыпты жұмыс жасау	10 көлеміндегі сандарды біледі оларды тура және кері санайды	Желіммен жұмыс жасау, тазалыққа үйрету.
<b>Балалардың үйге қайтуы.</b>	Балаларының оқу іс-әрекетіне көңіл бөлу.	Ата- анамен сөйлесу.Баланың тәртібі жөнінде айту.	Өткен әріптерді қайталану.	Ата- анамен сөйлесу.Баланың тәртібі жөнінде айту.	Өлең, тақпақтар жаттау.